

## "Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою" мемлекеттік қызмет көрсетудің стандартын бекіту туралы

### Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2008 жылғы 8 ақпандағы N 30 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының Әділет басқармасында 2008 жылғы 20 наурызда N 13-10-64 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы N 6 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют аудандық әкімдігінің 2010.01.14 N 6 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы № 107 Заңы 9-1-бабы 2-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысымен бекітілген жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызмет Тізбесі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Мемлекеттік қызмет көрсетудің Тұрпатты стандартын бекіту туралы» 2007 жылғы 30 маусымдағы № 558 қаулысы 2-тармағы негізінде және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жогарылату мақсатында аудан

**ә к і м д і г і  
ҚАУЛЫ  
Е Т Е Д І:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен «Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою» мемлекеттік қызмет көрсетудің қоса берілген стандарты бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Б. Бекеевке жүктелсін.

3. Осы қаулы Мамлют ауданының әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімі** **Б. Нұғыманов** **ә к і м д і г і н і ц**

Аудан  
2008 жылғы 8

№ 30 қаулысымен бекітілді

**Мемлекеттік қызмет көрсету стандарты Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке қою**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мемлекеттік қызмет көрсетудің осы стандарты жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша көмекті қажет ететін азаматтардың жеке

санаттарына әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу тәртібін белгілейді (әрі қарай — мемлекеттік қызмет).

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны:  
Жартылай автоматтандырылған.

3. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңы 15-бабы 6-тармағы негізінде көрсетіледі - «2, 3, 4 және осы баптың 5- тармағында нұсқалған құжаттар ұсынылған соң он құнтізбелік күн ішінде жұмыссыз тұлғаларды мекен-жайы бойынша дербес есеп карточкасына мәліметтерді енгізумен тіркейді (компьютерлік мәліметтер базасы), нысаны орталық атқарушы органмен бекітіледі».

4. Мемлекеттік қызмет «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету орны Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы Гуденко көшесі 17 үй.

5. Мемлекеттік қызметті аяқтау нысаны болып анықтамаларды беру та б ы л а д ы .

6. Мемлекеттік қызмет қөрсетілетін жекежәне занды тұлғалар санаты:

Қазақстан Республикасының азаматтары, шет елдіктер мен Қазақстан Республикасында шет елдік ретінде тұруға қағазы және ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар азаматтығы жоқ азаматтар, халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілдік органның аумақтық органдарымен берілген оралман күелігі бар оралмандар.

7. Мемлекеттік қызмет көрсетудегі уақыты бойынша шектеулер мерзімдері:

1) етініш берушімен қажет құжаттарды, электрондық сұраныс беру сәтінен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі 10 күн (тіркеу, талон алу және т.с.с);

2) қажет құжаттарды тапсыруда, электрондық сұранысты құрастыруда кезекте тосудың ең көп уақыты 30 минут;

3) құжаттарды алуда кезекте тосудың ең көп уақыты, мемлекеттік қызметтің нәтижесі ретінде файлдың ең көп мөлшері 30 минут.

8. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы толық ақпарат ақпараттың ресми көздерінде, стендтерде, ақпараттық тақталарда жарияланады.

Қызметті «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі көрсетеді.

Қызмет көрсету орны Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы Мамлютка қаласы Гуденко көшесі 17 үй.

10. Мемлекеттік қызмет дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 9.00-ден

бастап 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, алдын ала жазылусыз көрсетіледі.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету бөлмесі «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ғимаратында орналасқан, екі есік, пандус, қажет құжаттар және оларды толтыру үлгілерімен фойе жабдықталған.

## **2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш беруші ұсынады:

- 1) жеке басының күелігі (паспорт);
- 2) енбек қызметін растайтын құжат;

3) алған кірістері туралы мәліметтер (өтініш түрінде);

4) Қазақстан Республикасында тұруға қағазы бар азаматтығы жоқ азаматтар мен шет елдіктер, ішкі істер органдарында тіркелгені туралы белгісі бар азamatтар;

5) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уакілдік органның аумақтық органдарымен берілген оралман күелігі бар оралмандар;

6) дербес есеп жүргізу карточкасы (компьютерлік мәліметтер базасы).

13. «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде жүргізілетін мемлекеттік қызметті алу үшін толтыруға қажет бланктерді беру, № 4 кабинет.

Селолық округтер әкімдерінің аппараттары.

14. Мемлекеттік қызметті алу үшін қажет құжаттар тізбесі «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесіне тапсырылады, № 4 кабинет.

15. Мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттарды тапсырған өтініш берушіге қабылдау күні, орындау мерзімі көрсетілген талон беріледі.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету қорытындылары туралы жеке қабылдау, курьер, пошта арқылы хабарланады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің ақырғы қорытындылары «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінде хабарланады, № 4 кабинет.

17. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіздер:

1) жұмыссыз ретінде тіркеу үшін қажет құжаттардың болмауы;

2) «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қантардағы №149 Заңы 2 бабына сәйкес жұмыспен қамтылғандар санатына жатқызылғандар;

## **3. Жұмыс принциптері**

18. Мемлекеттік қызмет көрсетуде «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі өтініш берушілерге қатысты төмендегі принциптерге негізделеді:

1) толық және нақты ақпарат алу;

2) пайдаланушы құжаттарының мазмұны туралы ақпаратты қорғауды және құпиялығын, белгіленген мерзімде алмаған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

3) мамандардың сыпайылығы, жауаптылығы, біліктілігі.

#### 4. Жұмыстың қорытындылары

19. Пайдаланушыға мемлекеттік қызмет көрсету қорытындылары осы стандартқа қоса берілген қосымшаға сәйкес сапа мен қол жеткізу көрсеткіштерімен өлшенеді.

20. Мемлекеттік қызметке қол жеткізу мен сапа көрсеткіштерінің мақсатты мағынасы жыл сайын арнайы құрылған жұмыс топтарымен бекітіледі, сол бойынша мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органның, мекеменің не өзге субъектілердің жұмысы бағаланады.

#### 5. Отінішті шағым ету тәртібі

21. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы бойынша наразылық болған жағдайда «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері іс-әрекетіне шағым беріледі:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы атына, занды мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Гуденко көшесі 17 үй.

2) жоғары тұрған үйымдарға:

«Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесі, занды мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Абай көшесі 64 үй, телефон 8-(715)-(2)-46-56-48;

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі, занды мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы С.Мұқанов көшесі 17 үй телефон 8-(715)-(41)-2-17 - 8 8 ;

3) сот, прокуратор.

22. Шағымдар мемлекеттік органдардың кеңесі арқылы қабылданады:

1) «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы мен орынбасарының атына, занды мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Гуденко көшесі 17 үй.

2) жоғары тұрған үйымдарға:

«Солтүстік Қазақстан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар департаменті» мемлекеттік мекемесі, занды

мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Абай көшесі 64 үй,  
телефон 8-(715)-(2)-46-56-48;

Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының әкімдігі, занды мекен-жайы  
: Солтүстік Қазақстан облысы С.Мұқанов көшесі 17 үй телефон 8-(715)-(41)-2-17  
- 8 8 ;

3 ) с о т , п р о к у р а т у р а .

23. Қабылданған шағым «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ақпараттарды тіркеу журналында тіркеледі, өтінішті алған тұлғаның тегі, инициалдары, күні мен уақыты көрсетілген талон беріледі.

Шағым түскен сәтінен бастап 15 күннің ішінде қарастырылады.

Шағымды қарастыру қорытындылары туралы өтініш иесіне жазбаша түрде не поштамен, жеке хабарланаады.

Шағымға жауап алу орны - «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы мен орынбасарының атына, занды мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Гуденко көшесі 17 үй, № 1,4 кабинеттер, байланыс телефондары: 8-(715)-(41)-2-13-75, 8-(715)-(41)-2-21-43.

## 6. Байланыс ақпарат

24. «Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты басшыларының мекен-жайы:

«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, занды мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Гуденко көшесі 17 үй, № 1 кабинет, байланыс телефондары: 8-(715)-(41)-2-13-75.

Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін алдын ала жазылусыз.

Азаматтарды қабылдау апта сайын әр бейсенбі жүргізіледі: сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.

«Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, занды мекен-жайы: Солтүстік Қазақстан облысы Мамлют ауданы, Мамлютка қаласы, Гуденко көшесі 17 үй, № 4 кабинет, байланыс телефондары: 8 -( 715 ) - ( 41 ) - 2 - 21 - 43 .

Жұмыс кестесі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін алдын ала жазылусыз.

Азаматтарды қабылдау апта сайын әр бейсенбі жүргізіледі: дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін.

25. Пайдалануши үшін басқа пайдалы ақпарат (өндеген орталықтарының телефондары, қосымша қызмет туралы ақпарат және т.б.).

Жұмыссыз азаматтарды тіркеу және есепке  
қою мемлекеттік қызмет көрсету  
стандартына қосымша

### **Кесте. Сапа және қол жетімділік көрсеткіштерінің мәні**

Сапа және қол жетімділік көрсеткіштері	Көрсеткіштің нормативтік мәні	Көрсеткіштің келесі жылдағы нысаналы мәні	Көрсеткіштің есепті жылдағы ағымдағы мәні
1	2	3	4
<b>1. Уақтылығы</b>			
1.1. құжаттарды тапсырған сәттен бастап белгіленген мерзімде қызметті ұсыну оқиғаларының % (үлесі)	100	100	100
1.2. қызмет алуды кезекте 40 минуттан аспайтын уақыт күткен тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
<b>2. Сапасы</b>			
2.1. қызметті ұсыну үдерісінің сапасына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
2.2. құжаттарды лауазымды тұлға дұрыс ресімдеген жағдайдаң (жүргізілген төлемдер, есеп айырысулар және тағы басқасы) % үлесі	100	100	100
<b>3. Қол жетімділік</b>			
3.1. қызметті ұсыну тәртібі туралы сапаға және ақпаратқа қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
3.2. тұтынушы құжаттарды дұрыс толтырған және бірінші реттен тапсырған оқиғалардың % үлесі	100	95	95
3.3. интернет арқылы қол жетімді қызметтерінің ақпарат % үлесі	0	0	0
<b>4. Шағымдану үдерісі</b>			
4.1. қызметтің осы түрі бойынша қызмет көрсетілген тұтынушылардың жалпы санына негізделген шағымдардың % (үлесі)	0	0	0
4.2. белгіленген мерзімде каралған және қанағаттандырылған негізделген шағымдардың % (үлесі)	100	100	100
4.3. шағымданудың қолданыстағы тәртібіне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
4.4. шағымдану мерзіміне қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
<b>5. Сыпайылық</b>			

5.1. қызметкерлердің сырткылығына қанағаттанған тұтынушылардың % (үлесі)	100	100	100
--	-----	-----	-----

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК